

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	6B022 Гуманитарлық ғылымдар
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B02203 Дінтану-философия
Білім беру бағдарламаларының топтары	B033 Дін және теология
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	1. 6B02203 Дінтану-философия білім беру бағдарламасы дінтану және философия саласында, философиялық, дінтанулық және діни мәтіндерді сараптау бойынша жүйелі білім алуға мүмкіндік береді. 2. Діни мәдениеттің алуан түрлі құбылыстарын ғылыми-сыни тұрғыдан ұғыну, қоғамда философиялық-дінтанулық білімді өндіру және тарату процесін практикалық игеру құзыреттерін қалыптастыруға басты назар аударылды. 3. Бағдарлама өңірлік еңбек нарығына және жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастыққа бағытталған.
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
ББ мақсаты	Білім беру және мәдениет мекемелерінде, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік билік органдарында ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-басқару, жобалау, оқытушылық, ақпараттық және сараптамалық-талдау қызметін жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби құзыреттілікке, ұстанымдарға және құндылықтарға ие өңірлік еңбек нарығында сұранысқа ие дінтанушы-философтарды даярлау
БББ міндеттері	1. өзінің кәсіби қызметінің мәнін түсінетін, дамыған азаматтық ұстанымы қалыптасқан болашақ дінтанушы-философтардың үйлесімді дамуына жағдай жасау; 2. классикалық философиялық және дінтанулық ойының дамуы барысында қалыптасқан, сондай-ақ қазіргі заманғы зерттеулердің жетістіктерін көрсететін білім кешенін беру; 3. білім алушыларда зерттеу стратегияларын өз бетінше қалыптастыру, ақпаратты сыни талдау, зерттеу бағдарламаларын әзірлеу, оларды жүзеге асыруды ұйымдастыру және қатысу үшін зерттеу дағдыларын дамыту.
БББ оқыту нәтижелері	Білім беру бағдарламасын аяқталғаннан кейін түлек қабілетті болады: ОН1 – дінтанушы-философтың кәсіби қызметін адамгершілік, құқықтық, кәсіпкерлік мәдениеттің, экология мен тіршілік қауіпсіздігінің құндылықтарын терең түсіну, өз шешімдері мен іс-әрекеттерінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті түсіну негізінде жүзеге асыру. ОН2 – сыни ойлау мәдениетін одан әрі дамыту және философияның, мәдениеттің және діннің өзекті мәселелеріне өзіндік біртұтас көзқарасты қалыптастыру мақсатында іргелі философиялық және дінтанулық зерттеулерінің мазмұнын талдау.

	ОН3 – рухани мәдениетті дамыту, рухани шоғырландыру және ұлттық бірегейлікті нығайту, кәсіби қызмет (оқытушылық, зерттеу және т.б.) арқылы радикализмнің әртүрлі формаларын алдын алу мақсатында қазақтар мен басқа да халықтардың дүниетанымының, мәдениетінің, дінінің ерекшеліктерін салыстыру. ОН4 – сыни ойлау, шешендік өнер және академиялық жазу, сондай-ақ техникамен және цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын кәсіби қызметте қолдану. ОН5 – адамзат мәдениетінің үздік жетістіктеріне қолжетімділікті кеңейту үшін дінтанушы-философ мамандығына байланысты мәтіндерді талдау үшін қазақ, араб және басқа да тілдерді білуді пайдалану. ОН6 – адамзат ойының тарихындағы бар тұжырымдамаларды қазіргі философиялық тұжырымдамалар мен діни ілімдерді дамытудың идеялық алғышарттары ретінде талдау. ОН7 – тарихи-мәдени контексте олардың пайда болу логикасын ескере отырып діни, дінтанулық және философиялық мәтіндерге өз бетінше талдау жасау. ОН8 – олардың мазмұны мен конфессиялық әртүрлілігінің сабақтастығын ескере отырып, тарихи-мәдени және өркениеттік аспектілерде діни наным-сенімдердің әлеуметтік-мәдени негіздерін, алғышарттары мен даму логикасын талдау. ОН9 – дін саласындағы құбылыстарды, оқиғаларды, процестер мен идеяларды түсінуге заманауи әлеуметтік-философиялық, психологиялық, мәдениеттанулық және дінтанулық тұжырымдамалар мен тәсілдерлі қолдану, олардың қалыптасу логикасын көре алу, өзекті трендтерді анықтау. ОН10 — қазақстандық патриотизм, азаматтық принциптері, әлемдік діндердің тарихи-мәдени мұрасын білу және оқытудың заманауи технологиялары мен әдістері негізінде кәсіби, оның ішінде педагогикалық қызметті жүзеге асыру. ОН11 – кәсіби міндеттерді тиімді шешу мақсатында қоғамдық және діни өмірдің өзекті мәселелерін ғылыми, оның ішінде әлеуметтанулық зерттеуді және әлеуметтік-философиялық талдауды ұйымдастыру. ОН12 – бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік және діни мекемелерде дін, діни саясат және діни ахуал мәселелері бойынша халықтың әртүрлі санаттарымен ақпарат берудің заманауи әдістерін, қоғамдық пікір мониторингі нәтижелері мен нормативтік-құқықтық актілерді білу негізінде сараптамалық және ақпараттық-кеңес беру жұмысын жүргізу.
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже:	6B02203 Дінтану-философия білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры
Лауазымдарының тізімі	- дін істері басқармасында, ішкі саясатты дамыту мен іске асыруды қамтамасыз ететін құрылымдарда мемлекеттік қызметші; - қоғамдық пікір мен діни ахуал мониторингін жүзеге асыратын зерттеу ұйымдарындағы сарапшы-аналитик; - дін және конфессияаралық қатынастар мәселелері бойынша халықтың түрлі топтарына түсіндіру жұмыстары және кеңес

	беру саласындағы маман.
Кәсіби қызмет объектісі	- мемлекеттік басқару органдары; - конфессиялық мекемелер; - ғылыми орталықтар мен БАҚ.